



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

СТУДЕНТТЕРДЕ ПРОКРАСТИНАЦИЯ КӨРІНІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сарсембекова Ләззат

l.sarsembekova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «5В0503000-Психология» мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – АЖ.Кунанбаева

Студенттік шақ адам өміріндегі маңызды кезең болып табылады, ол кезде адам өзінің кәсіби таңдауымен анықталады, ересектік сезіміне ие болады, өз болашағын жоспарлайды. Оқу және кәсіптік жетістіктер өздеріне деген сенім мен өнімділікке деген қабілеттілігін арттырады. Бірақ бұл жетістіктерге жетуге прокрастинация кедергі жасайды. Бұл феноменнің негативті әсері студенттердің оқу үлгерімінің төмендеуіне, кейін эмоционалды күйзеліске ұшырауына алып келуі мүмкін.

Жалпы прокрастинация термині 1977 жылы пайда болды. Оны П. Рингенбах «Адам өміріндегі прокрастинация» еңбегінде сипаттаған. Бірақ 40 – жылдан бері бұл мәселені шеше алмай одан да шатасып қалдық.

Қазіргі уақытта мәселені шешу үшін прокрастинацияның жағымды эффектін сипаттайтын мақалалар пайда бола бастады. Сонымен қатар қазір бұл зерттеулердің ең танымал бағыты болып табылады.

Прокрастинация термині лат. pro – «алға», crastinus – «ертен» деген сөздерден шыққан болатын. Отандық ғылыми әдебиеттерде «кешіктіру, кейінге қалдыру» деген сияқты синонимдес сөздер ретінде жиі қолданылады.

Прокрастинация психологиялық жоспарда кешенді феномен болып табылады. Тұлғаның мотивационды сферамен тығыз байланысты болып, оның құрамына: мінез-құлықтық, эмоционалды, когнитивті компоненттер кіреді. Ол көбінесе мінез-құлықта жиі көрініс табады, яғни қажетті істі орындауды кешіктіру немесе шешім қабылдауды кейінге қалдыру кезінде көрінеді. Бұл психологиялық құбылыстың түрлі формаларға тәуекелге баруға қорқыныш, табысты бірақ орындалмайтын жоспарларды жобалау да кіреді. Прокрастинация көрінісінің негізгі сфералар – кәсіби қызмет, деңсаулыққа қамқорлық және оқу қызметі [1].

Сонымен қатар, бұл феноменді сипаттау барысында адамның мінез-құлығын прокрастинация деп анықтайтын 3 басты критерийлерді көрсетеді: контрпродуктивтілік, пайдасыздық, кейінге қалдыру [2].

Прокрастинацияның субъективті эмоционалды тәжірибесі әдетте негативті деп бағаланады, өйткені кейінге қалдыру процесс барысында мазасыздық, кінә сезімі, жағдайдың позитивті шешуіне сенімсіздік пайда болады. Бұл құбылыс қызметтің кез келген сферасын қамтиды: оқу, еңбектік, әлеуметтік, тұрмыстық.

Ғалымдар прокрастинаторларға бұрынғы жетістіктерді еске түсіруге, болашақ жоспарларға назар аудармауға бейім екенін деген қорытындыға келді [3].

Прокрастинацияның ішкі салдарының құрамына тітіркену, өкініш, үмітсіздік қамтуы мүмкін. Сыртқы салдарға жұмыстың бұзылуы, мүмкіндіктің жоғалуы, күрделі қарым-қатынастар кіреді. Оған қосымша ретінде, прокрастинация мазасыздықты туындайды. Мазасыздық деңгейі жоғары индивидуумдар прокрастинацияға бейімділігі жоғары болады [4].

Қазіргі уақытта прокрастинация феноменнің нақты бір анықтамасы жоқ десек болады.

Кнаустың айтуы бойынша кейінге қалдырудың бәрі негативті салдарға әкеледі. Мысалы, өмірлік маңызды ақпараттарды және жоспарлауға жұмсалған уақыт жетпеу нәтижесінде туындайтын кейінге қалдырулар пайдалы болуы мүмкін. Яғни жағымды нәтижеге алып келуі мүмкін деген көзқарасты қолдайды [5].

Тимоти Пичел «Активная прокрастинация: взгляд на оксюмороны» мақаласында «Кейінге қалдыру мен прокрастинация бір нәрсе емес» деп жазады [6]. Ғалым істерді қасақана кейінге қалдыруы прокрастинация ретінде белгілі өзін-өзі реттеудің төменгі қабілеттілігімен шатастырмау керек деп ескертеді.

Прокрастинацияны әр істі орындаудағы қажетті кезең ретінде қарастыру керек. Осыдан істі бірден бастау өте қиын деген болжамды ұсынуға болады. Егер біз прокрастинацияны қызмет құрылымда нақты кезең ретінде қарастырсақ, онда оның кейбір функциялар, қызмет ететін мақсаттары бар болып табылады.

Осылайша, прокрастинация – бұл әрекеттің өзі алдында тұрған қызмет кезеңі болып табылады. Сонымен қатар біз осы процесс туралы бағалау бермейміз – прокрастинацияның өзі жақсы да, жаман емес болып келеді.

Канадалық психолог Пирс Стиллдің айтуы бойынша прокрастинация феномені - бұл кешіктіру себебінен күтілетін негативті салдарына қарамастан, субъектінің жоспарланған істерді өз еркімен кейінге қалдыру болып табылады. Стилл атап көрсетеді, прокрастинацияны психологтар «иррационалды кешіктіру» ретінде сипаттайды, өйткені субъектіде кейінге қалдыруға еш себебі болмайды. Сонымен қатар, адам саналы түрде бастаған істі немесе оны аяқтау уақытында да кейінге қалдыра алуы мүмкін [7].

Ұқсас көзқарасты қолдайтын К. Лэй прокрастинацияны тұлғаға негативті эффект беретіне қарамастан, жоспарланған әрекеттерді иррационалды, өз еркімен кейінге қалдыру деп атады [8].

«Үлкен психологиялық сөздікте» Б.Г. Мещеряков « прокрастинаторға» түрлі жұмыстарды кейінге қалдыратын, кешіктіре шешім қабылдауға бейім тұлға деп анықтамасын берген [9].

В.С. Ковылин бұл феноменді қажетті істерді кейінге қалдыру тенденциясы ; адамға осы уақытта басты істерді саналы түрде кейінге қалдыратын мінез-құлықтық паттерн ретінде сипаттайды [10].

Осылайша, мінез-құлықтың иррационалдылығы, мүмкін болатын негативті салдарды түсінуі – прокрастинация құбылысының негізгі ерекшеліктері болып табылады. Бұл құбылыс адам қызметінің барлық сфераларда көрініс табады – оқу (үй жұмыстарды орындауды кейінге қалдыру), еңбектік (жұмыс тапсырмалар, жобаны орындауда мерзімнің аяқталуы), әлеуметтік (қоңырауларды және кездесулерді кейінге қалдыру) , тұрмыстық (үй шаруаларды, уәделерді, нұсқауларды кейінге қалдыру). Бұл феномен өте кең таралған: Эллис және Кнаус мәліметтеріне сәйкес, жоғары оқу орнында студенттердің 80% – дан 95% –ға дейін прокрастинация байқалады, олардың 75% өздерін созылмалы прокрастинаторлар деп санайды, 50% студенттер маңызды істерді жүйелі түрде кейінге қалдырады [11]. Ал В.С. Ковылин мәліметі бойынша студенттердің 46% – дан 95% – ға дейін өздерін прокрастинаторлар деп санайды [10]. Үнемі кейінге қалдыру әрекеті 25 жастан кейінгі адамдардың 15% – 20% -да байқалады.

Прокрастинатор үнемі ойластырған іске асыруды кейінге қалдырады, нәтижесінде қойылған міндетті «дедлайн» уақыты келгенде іске асыруды бастайды. Дедлайн деп жоғалтқан уақытты ұстауға пайдасы жоқ мерзімді айтады. Осыған байланысты кейінге қалдырудың негативті салдары пайда болады, яғни берілген уақытқа оқу немесе жұмыс міндеттер орындалмайды.

В.С. Ковылиннің айтуы бойынша субъект қажетті міндеттерді орындаудың орнында барлық уақытынды мәні және өнімділігі жоқ әрекеттер жасайды. Сонымен қатар, прокрастинацияның адамға сыртқы негативті әсерлерден басқа, эмоционалды дискомфортпен сипатталады: кінә сезімі, алаңдаушылық, жағдайдың позитивті шешуіне сенімсіздік, мерзімнің жақындаған кездегі мазасыздық [12]. Уақыттың шектеуінен басқа, айналадағылардың жоғары күтулері және де өз жұмысының нәтижелеріне жоғары талаптары мазасыздықты жоғарлатады. Яғни эмоционалды дискомфорт, негативті субъективті ұайымдар прокрастинацияның негізгі психологиялық белгілер ретінде сипатталады [13]. Өз қызметінің жалпы қанағаттанбаушылық пайда болады [14], [10].

Прокрастинация түрлері. Ең алғашқы классификацияны Н. Милграм, Дж. Батори және Д. Моурер ұсынған болатын. Олар прокрастинацияның 5 негізгі түрлерін атап көрсетті [12]:

- Күнделікті немесе тұрмыстық прокрастинация - күнделікті орындау тиіс істерді кейінге қалдыруы. Оған үй жұмыстары, азық-түліктерді сатып алуы және т.б;
- Шешім қабылдауда прокрастинация;
- Невротикалық прокрастинация – өмірлік маңызды шешімдерді кейінге қалдыру (мысалы, мамандық таңдау, отбасы құру және т.б);
- Компульсивті прокрастинация – бір субъектіде тұрмыстық және шешім қабылдауда прокрастинация байқалады;
- Академиялық прокрастинация – оқу тапсырмаларды, емтиханға дайындықты кейінге қалдыру.

Кейін Милграм және Тенне осы түрлерді «тапсырма орындауды кейінге қалдыру және шешім қабылдауды кейінге қалдыру» деген екі түрге біріктірген [10].

Прокрастинаторлардың ең көп пайызы студенттік ортада болатынын және студенттердің 95% көбінесе оқу міндеттерді кейінге қалдыруын байқалғаннан соң [15,16] академиялық прокрастинация құбылысын және оның себептерін толығырақ қарастыру қажеттілігі пайда болады [17].

Прокрастинация феноменді зерттеу шет елдерде үлкен мәселеге айналып отыр. Осы мәселеге түрлі зерттеулер жүргізуде. Ресейде де бұл мәселеге байланысты алғашқы зерттеулер жүргізіле бастады. Ал Қазақстанда прокрастинацияға арналған зерттеулер өте аз. Сондықтан осы тақырыпты теориялық және практикалық тұрғыдан қарастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.ineu.edu.kz/kz/novosti-2/item> «Прокрастинация и подчинение» (“Procrastination and Obedience”, 1991 Джордж Акерлоф).
2. Steel, P. The Procrastination Equation: How to Stop Putting Things Off and Start Getting Stuff Done. New York: Harper Collins. 2010.
3. Specter, M. H., & Ferrari, J. R. Time orientations of procrastinations: Focusing on the past, present or future? // J. of Soc. Behav and Personality. 2000. V 15. №5.
4. Haycock.L., McCarthy P., Skay C. Procrastination in college students: The role of selfefficacy and anxiety // Jou. of Counseling and Development. 1998.
5. Knaus B. The Procrastination Workbook: Your Personalized Program for Breaking Free from the Patterns That Hold You Back, 2002.
6. Pychyl T.A. Active Procrastination: Thoughts on Oxymorons, Psychology Today, 2009.
7. Steel P. The Nature of Procrastination: A Meta – Analitic and Theoretical Rewiew of Quintessential Self – Regulatory Failure. // Psychological Bulletin – 2007. - № 133 (1). – P. 65-94.
8. Мохова С.Б., Неврюев А.Н. Психологические корреляты общей и академической прокрастинации у студентов //Вопросы психологии, 2013 №1.
9. Большой психологический словарь под ред. Б.Г.Мещерякова.
10. Ковылин В.С. Теоретические основы изучения феномена прокрастинации / В.С. Ковылин // Личность в меняющемся мире; здоровье, адаптации, развитие, 2013, № 2.
11. Steel, P. Arousal, avoidant and decisional procrastinators: Do this exist? // Personality and Individual Differences. – 2010. - №48. – P.926-934.
12. Варваричева Я.И. Феномен прокрастинации: проблемы и перспективы исследования. // Вопросы психологии, 2010, №3.
13. Доровейко А.В. Связь уровня прокрастинации с успешностью профессионального самоопределения [Электронный ресурс] // Студенческое научное общество СПбГУ, 2013. URL: <http://sno.nekrasovspb.ru/publ.php?event=3&id=210>(дата обращения: 22.11.2013).

14. Ильин Е.П. Работа и личность. Трудоголизм, перфекционизм, лень. – СПб.: Питер, 2011.
15. Карловская Н.Н., Баранова Р.А. Взаимосвязь общей и академической прокрастинации и тревожности у студентов с разной академической успеваемостью //Психология в вузе. 2008, №3.
16. Хухлаева О.В. Психология развития: Молодость, зрелость, старость: учеб. пособие. – М.: Академия, 2009.
17. Панькова Е.Ю. Академическая прокрастинация у студентов –Пермь: Пермский государственный национальный исследовательский университет.

ӘӨЖ 316:28

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сманкулова Айжан Исабекқызы

smankulova.ayzhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтану кафедрасының 2 курс студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Отар Э.С.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына жиырма жылдан асты. Осы жылдар аралығында біздің қоғамымыздағы барлық салаларда терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан ел болып, еңсесін көтерді. Халықаралық деңгейде өзінің бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында адамдардың ойы мен санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші орынға шығып, рухани құндылықтардың кешеуілдегені байқалды. Қоғамда пайда болған осы рухани бостықтың орнын басқа елдерден келген әртүрлі діни идеялар толтыруға әрекеттенді. Елімізде бұрын естімеген «жаңа діндердің» пайда бола бастауы елдің діни өміріндегі жаңа құбылыс болды. Дінсіз мемлекет идеясын ұстанған елдің тығырықта тұрғанын ұтымды пайдаланған шетелдік миссионерлер өз тамырларын тереңге жіберіп үлгерді.

Жалпы елімізде ислам дінін ұстанушылар халық санының шамамен 67-70% құрайды. Республика халқының 58 % қазақтар және оларға қоса ұйғыр, татар, өзбек, түрік, курд, дүнген, шешен, әзірбайжан, башқұрт, ингуш, балкар қатарлы бауырлас халықтар түгелдей ислам дінін және оның ішіндегі сүнни (суннит) жолын ұстанады[1]

Кешегі күнге дейін Қазақстанда діни экстремизмнің төндіретін қауіпіне жеткілікті назар аударылмай келді. Бүгінгі таңда олардың қарқындауының ішкі себептеріне ықпал ететін келесі пайымдауларды келтіруге болады:

Біріншіден, әлеуметтік ортасы – халықтың білім деңгейінің төмендігі, қылмыстың өсуі, жастар арасында криминалдық қақтығыстардың көбеюі және олардың жемқорлыққа ұшырауы. Мысалы, исламның радикалды бағытын ұстанғандардың басым көпшілігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі: жұмыссыз, ақылы білім алуға жағдайы жоқ жастар, қалаға ауылдан келушілер және т.б.

Екіншіден, қоғамның рухани мәдени сауаттылығы – Кеңес үкіметі тарағаннан кейін пайда болған идеологиялық күйзеліс халықтың негізгі бөлігін заңды түрде рухани ізденіске алып келді, өз кезегінде діни ұйымдарды тиісті талдаудың нәтижесінде халықтың біршамасы дәстүрлі емес діни ұйымдар қатарына, кейін ақырындап радикалданып ауытқи бастады, олар үшін «дінге деген жаңа көзқарас» өзгеше жаңа идеологиялық бағдар болып табылды. Бұл үдерістерде аталған дәстүрлі емес ұйымдардың жетістіктері үшін халықтың негізгі бөлігінің сауатсыздығы басты фактор болып табылды.[2. 141б]